



Автор: Бакеева Турсынгуль Дошниязовна
Пән: Өзін-өзі тану
Сынып: 3- сынып
Бөлім: Адам болам десеңіз
Тақырып: Өз еліңнің патриоты болу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Білімділік: оқушыларға «Отанды сүю» , «патриот болу» ұғымдарын түсіндіре отырып , отансүйгіштікке баулу; Дамытушылық: оқушылардың өз Отанын қадірлеуін , қастерлеуін елжандылық қасиеті арқылы арттыру; Тәрбиелік:оқушыларды Отанын сүюге тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	оқушылардың өз елінің патриоты болу түсініктерін кеңейту арқылы сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.
Тілдік мақсаттар:	"Отан" , "патриот" ұғымдарының мәнін түсіндіру
Күтілетін нәтиже:	оқушылар өз елін , отанын сүюді , оған қызмет етуді үйренеді
Бағалау критерийлері:	елжандылық қасиеттері іс-әрекеттерінен көрінеді
Құндылықтарды дарыту:	елжандылық қасиеттерін дамыту арқылы сүйіспеншілік құндылығының жарыққа шығуына ықпал ету
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта және компьютерді пайдалану
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка
Бастапқы білім:	отан туралы түсінік

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.	«Путь сердца» релаксациясы;
Сабақтың ортасы	Үй тапсырмасын тексеру: Қ.Толыбаевтың «Менің Отаным» әңгімесін оқып және мазмұндап келу берілген.Қойылатын сұрақтар: -«Отан» деген сөзді естігенде қандай сезімде боласың? -Отанын сүйетін адамның бойында қандай қасиеттер болады? -«Отан -оттан да ыстық» деген нақыл сөзді қалай түсінесіңдер? -Отанға деген сүйіспеншілігіңді қалай білдіріп жүрсің? - елжанды деп қандай адамды айтамыз? -сен Отаныңды қадірлеп көрдің бе? Дәйексөз «Адал адам Отанын сүйеді» Ахмет Байтұрсынұлы 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. Әңгімелеу Бүркіт Ысқақовтың «Сенің Отаның» өлеңін оқып беру және талдау:-«Отан деген немене?» деген сұраққа қалай жауап берер едіңдер? - сен өз Отаныңды қалай сүйесің? -отансүйгіштік адамды қандай істерге жетелейді? -сен өз Отаныңды қалай сипаттар едің? -сенің Отаның саған несімен қымбат? Шығармашылық жұмыс Жеке жұмыс.1-тапсырма:қажетті сөздерді пайдаланып , мақал-мәтелдерді жалғастырып жазыңдар. Топпен ән айту: Атамекен әнін бірге орындау.	Б. Ысқақов «Сенің Отаның» Балаларға арналған әңгімелер 70 бет; Өлеңі: Қ.Мырза- Әлі Әні: Е.Хасанғалиев Атамекен.
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: №24 сабаққа 110 беттегі Ә.Нұршайықовтың «Мәншүк әні» әңгімесін оқып және мазмұндап келу.	Өзін-өзі тану оқулығы 110 бет

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Отанымызды сүйіп , оған адал қызмет етейік.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!	